# Құқықбұзушылы
# қтың алдын алу

Scanner App Lite

Бекітемін:
Мектеп директоры:
Бекматамбетова А.Ж

## Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары
## 2023-2024 оқу жылы

| р/с | Атқарылатын жұмыстар | Орындалу мерзімі | жауапты адам |
|---|---|---|---|
| 1. | Оқушылар арасында мектепшілік құқықтық олимпиадалар өткізу | тұрақты | ДТЖО- Аманбай А Султаналина А.Б Құқық пәні мұғалімі- Шававлиева М.Ш |
| 2. | Құқық кабинетін ұйымдастыру | тұрақты | Шавалиева М.Ш |
| 3. | Мұғалімдердің құқықтық білімдерін арттыру мақсатында жүргізілетін құқықтық оқуды жалғастыру | айына 1 рет | ДТЖО- Аманбай А. Султаналина А.Б |
| 4. | «Жас инспектор» үйірмесінің жұмысын жандандыру | тұрақты | АӘД пәні мұғалімі- Нурсеитов Г.Б |
| 5. | Ата-аналар арасында құқықтық жауапкершілік және құқықтық заңдар төңірегінде лекциялар ұйымдастыру | тұрақты | Сын. жетекшілер, құқықтық оқу жетекшісі- Нурсеитов Г.Б |
| 6. | Оқушылар арасында құқықтық тәрбиені күшейту мақсатында құқықтық білім күнін өткізу | әр айдың 3 жұмасы | ДТЖО- Аманбай А. Султаналина А.Б Сынып жетекшілер |
| 7. | «Жас инспектор» жұмысын жандандыру | тұрақты | АӘД пәні мұғалімі- Нурсеитов Г.Б |
| 8. | ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау жөнінде оқушылар арасында тәрбие сағаттарын, ертеңгіліктер өткізу, буклеттер жасау | тұрақты | 1-11 сынып жетекшілер |
| 9. | ҚР рәміздеріне байланысты жарлықтар және қосымша әдебиеттермен оқырмандарды таныстыру | тұрақты | Кітапханашы- Шаповалова И.П |
| 10. | Әнұран – халықтың ұлттық, мемлекеттік елдік бірлігінің нышаны (тәрбие сағат) | 18.04.24ж | Сынып жетекшілер |
| 11. | Оқушылар қызығушылығына байланысты үйірмелер жұмыстарын жалғастыру | тұрақты | Үйірме жетекшілері |
| 12. | Оқушылар арасында ҚР президентінің «Қазақстанның 2050 жылға дейінгі стратегиялық дамуын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Жолдауын насихаттау жұмысын жалғастыру | тұрақты | Тарих, география пән мұғалімдері, сынып жетекшілері |
| 13. | Оқушы жастардың өзін-өзі басқару жұмысының белсенділігін арттыру | тұрақты | ДТЖО- Аманбай А. Султаналина А.Б |
| 14. | Құқық қорғау органдары ішкі істер бөлімімен келісе отырып, ұлдар арасында құқықтық мәселелерге байланысты әңгімелер, лекциялар, сұқбаттар ұйымдастыру | келісілген мерзімде | Учаскелік полиция қызметкері- Уваисов А |
| 15. | Құқықтық тәрбие апталығын өткізу | 22-25.11. 2023ж | Құқық пәні мұғалімі- Шавалиева М.Ш Сынып жетекшілер |

Scanner App Lite

| | | | |
|---|---|---|---|
| 16. | «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың міндеті мен жауапкершілігі» баяндама | 21.10.23ж | |
| 17. | Құқық тақырыбына реферат, альбом, газеттер шығару, тест, анкета толтыру | 26.10.23ж | 9-11 Сынып жетекшілер |
| 18. | 9-11 сынып жетекшілерінің құқықтық тәрбие бағытындағы істеген жұмыстарын тексеру | қаңтар | ДТІЖО |
| 19. | Кешкі рейдке шығу | тұрақты | Әкімшілік мүшелері |
| 20. | Құқықтық кеңестің жұмысын жандандыру | тұрақты | кеңес төрағасы |
| 21. | Оқушылар арасында құқықтық оқуларды жүргізу | айына 1 рет | Н.Жауғашты |

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Аманбай А.
Султаналина А.Б

Scanner App Lite

Бекітемін:
Мектеп директоры:
Бекмағамбетова А.Ж
_______________

**«Ақмырза орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
**ПБ кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер істер жөніндегі бөлімінің бірлескен жұмыстардың іс шара жоспары**

| Р\с | Жұмысының атауы | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1. | Мектептегі тәртіп бұзушылыққа бейім оқушылардың есебін алу | Қыркүйек | Султаналина А. |
| 2. | Ерекше назардағы оқушыларға жеке папка арнау | Уақытында | Аманбай А |
| 3. | «Қылмыс және жасөспірім», «Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаушылық (суицид)әрекеттердің алдын алу» | Әр тоқсанда | Султаналина А.<br>Аманбай А |
| 4. | Ерекше назардағы оқушылар мен,олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу және оқушылардың үйірмелерге қатысуын қадағалау | Үнемі | Аманбай А<br>Султаналина А.<br>Палагута А.М |
| 5. | МАИ қызметкерлерімен оқушыларға жолда жүру ережесін сақтау туралы әңгіме жүргізу: | қыркүйек<br>ақпан | Уваисов А |
| 6 | Наркодиспансер қызметкерлерімен бірлесіп,темекі шегу, алкоголизм,нашақорлық,токсикоманияның жас организмге зияны тақырыбында әңгіме өткізу | Кезінде<br>қыркүйек<br>ақпан | Придуха Я.В |
| 7. | Түнгі рейд жұмыстарын жүргізу | Кестебойынша | Аманбай А<br>Султаналина А.<br>Уваисов А |
| 8. | ЖҚТБ (СПИД)орталығы маман дәрігерлерінің жасөспірімдермен профилактикалық жұмыс жүргізу үшін кездесу ұйымдастыру8-10сынып | Желтоқсан<br>Сәуір | Придуха Я.В |
| 9. | Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу барысында айлық іс-шаралар өткізу 6-10сыныптар | Әр<br>тоқсанда | Аманбай А<br>Султаналина А.<br>Уваисов А |
| 10 | Өмірдің қиын кезендеріне кезіккен оқушыларды уақытында анықтап,кәмелетке толмағандар ісі және оларды қорғау жөніндегі комиссияға құжаттарын тапсыру | Үнемі | Аманбай А.<br>Султаналина А. |
| 11 | Сабақты көп жіберетін,сабақтан себепсіз, рұқсатсыз кететін оқушылар мен олардың ата-анасымен жұмыс жүргізу.<br>(ҚР заңнамаларымен таныстыру) | уақытында | Аманбай А.<br>Султаналина А. |

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Аманбай А.
Султаналина А.Б

Scanner App Lite

**Тақырыбы:**

# «Заң біткен жерде қылымдылық басталады»

9 сынып

2023-2024 оқу жылы

Scanner App Lite

"Заң бәрімізге ортақ"
Мақсаты: Оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып, заң алдындағы жауапкершілігін арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын сын сәтте таба білуге, алдына мақсат қоя білуге баулу. Оқушылардың құқықтық білімін дамыту, ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау. Конституция, т.б. құқықтық нормативтік актілерді құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.
Барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Тәрбиешінің кіріспе сөзі
3. Оқушылармен ой бөлісу
4. Мақалдар оқып, талдау
5. Қорытынды

Қанатты сөздер
«Құқығыңды сақтап үйрен, бірақ басқалардың құқығы бар екенін ұмытпа», «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды», Заң біткен жерде зұлымдық басталады».
Кіріспе сөз
Қылмыс жасағаны үшін жазаға тартқаннан гөрі оның алдын алған әлдеқайда жақсы. Алдын алу жұмысының нәтижелі болуы алғаш жасалған теріс қадамның дер кезінде анықталуынан ғана емес, сонымен бірге кәмелетке толмағандардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге де байланысты.
Мектеп жасындағы балалардың құқықтық санасының төмендігі олардың қылмысты көп жасауына, заң талаптарына өз талаптарын
қарсы қоюына әкеліп соғады. Сондықтан оқушылар қылмысының алдын алып, құқықтық тәрбие беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Құқықтық тәрбие – кәмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Жастарды заңның негізгі принциптерін біліп қана қоймай оны меңгере білуге де үйрету қажет. Осы мақсатта бүгін топта «Заң бәрімізге ортақ» атты дөңгелек үстел өткелі отыр.
Дөңгелек үстел 5 бөлімнен тұрады:
1. Күнделікті көрініс.
2. Мен заңды қаншалықты білемін?
3. Ешқандай заңы жоқ арал.
4. «Қызыл, сары, көк ауыл».
5. Қылмыскер бала қайдан шығады?
Тәрбиеші: Халқымызда «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды» деген тамаша мақал бар. Ақылды болу айналаңдағы адамдарды сыйлай, қадірлей білу деген сөз. Құқықтық тілмен айтқанда бұл - заңды білу, яғни заңды білген адам өзгелерге құрметпен қарайды. Заңды білмегендіктен заңсыз істер істеп, зардап шегіп, өзін қорғай алмай жүргендерді көптеп кездестіреміз.
1. Күнделікті көрініс: Ауыл іші, түн, топ бала өлең айтып, шулап отыр. Жандарынан өтіп бара жатқан балаға отырғандардың біреуі атып тұрып:-«Әй, бері кел» деп айқай салды. Қайырылмаған оған пышақ көрсетті.
Көріністен кейін қойылған сұрақтар: - Қалай ойлайсыңдар, демалып отырған жастар заңды бұзды ма?

Scanner App Lite

- Кім қалай бұзды?
- Ата - ана, тарапынан қандай жауапсыздық кетті? (Оқушылар жауабы тыңдалады.)
2 - бөлім. «Мен заңды қаншалықты жақсы білемін»? деп аталады.
Тәрбиеші: Қазір мен бірнеше жағдайларды оқимын. Бұның ішінен оқылған жағдайды қылмыс деп тапсаңыздар оң қолды көтересіздер де, себебін алдарыңыздағы параққа жазасыздар, егер қылмыс емес десеңіздер сол қолдарыңызды көтересіздер, себебін тағы параққа жазасыздар. Әр жағдайға жеке тоқталып, түсініктеме бересіздер.
1. Дүкенде спирттік ішімдікпен бірге есірткі де сатылады.
2. Түнгі көшеде жастар айқайлап өлең айтып келе жатыр.
3. Сатушы сатып алушыға байқамай артық ақша беріп жіберді, ал сатып алушы өзіне тиесілі ақшадан артық екенін біле тұра қайтіп бермеді.
4. Бір оқушы сыныптасына: « ертең 20 теңге әкеліп бересің, әкелмесең басқаша сөйлесеміз» деп күш көрсетті.
5. Химиялық завод өзінің зиянды өнімін өзенге тастады, сол өңірдің ауасы бұзылды.
6. Мектеп оқушылары жүзім ұрлады.
7. Сыныптағы бір бала екінші баланың сумкасын сызып тастады. (Оқушылар түсініктеме берген соң заң қызметкері заңға сүйене отырып, өз ойын айтады.)
Ендігі бөлім «Заңсыз арал» деп аталады.
Тәрбиеші: Біз ешқандай заңы жоқ аралда өмір сүрсек, не болар еді? ( Оқушылар пікірі тыңдалады.).
Осы бөлімді қорытындылау.
Тәрбиеші: Заңсыз елде әркім өз білгенін істейді, тәртіп сақталмайды. Сондықтан адамдар қалыпты жағдайда өмір сүре алмайды, ал тәртіп пен заң біздің қалыпты тіршілігіміз үшін қажет.»Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген Б. Момышұлының сөзін естен шығармайық.
«Қызыл, сары, көк ауыл» деп аталатын 4 - бөлімді айтып, әр топтың ортасына әр түрлі лента қойылады.
Тәрбиеші: Жер енді ғана жаратылғанда адамдар бір - бірімен дос, бауыр болыпты, бір - бірінен ешнәрсе аямапты. Бір күні аспаннан әр түрлі ленталар түсіпті де адамдар үлгергенінше бірі көгін, бірі қызылын, бірі сарысын алыпты.
Күндердің күнінде қатты жел тұрыпты да қызыл лента алғандар қызыл, көк лента алғандар көк болып бөлініпті. Әр ауыл бөлек - бөлек қорған тұрғызыпты (Осы кезде мұғалім: ленталарыңызбен өздеріңізді қоршап алыңыздар дейді.) Біраз уақыттан соң адамдар достықты ұмытады. Көк ауылда су бар азық жоқ, қызыл ауылда азық бар су жоқ, сары ауылда азық та, су да бар, от жоқ. Енді қалай өмір сүруге болады, не істейсіздер? ( Оқушылар жауабы тыңдалады.) (Әр түрлі ой айтқан олар қорғанның келегі жоқ, біз дос болуымыз керек деген ойға тоқталады. Бұл әңгіменің астарында бір жұмбақ жатыр, сол жұмбақты кім шешеді деген сұрақ тасталады)
Жауап: Адамдардың ауыл - ауыл көше - көше болып бөлінетіндігін, сол бөліну кезінде құқықтары бұзылатындары айтылады.
5 - бөлім. (Қылмыскер бала қайдан шығады»?
Тәрбиеші: Бүгінгі күні қоғамды алаңдатып отырған жағдайлардың бірі ол - мектеп жасындағы балалардың қылмыс жасауы. Келесі бөлім балалардың жасаған қылмысы туралы болмақ.
- Құқық бұзушылықтың себебі неде деп ойлайсыздар? ( Оқушылардың жауаптары тыңдалады. )
Құқық бұзушылық істейтін жұмыстың жоқтығынан, Абай атамызша айтқанда «көйлегі көктік, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын». Оқушыларға екі сурет көрсетіледі: Біріншісі тіп - тік

Scanner App Lite

әдемі салынған үйдің суреті.
Екіншісі - фундаментінен бастап кірпіші дұрыс қаланбаған, төбесі жарылып кеткен үйдің суреті.
( Сурет жайлы оқушылар ойы тыңдалады.) Бұдан соң бірінші сурет тәрбиесі дұрыс бала екендігін, екінші сурет тәрбиесі дұрыс болмаған бала жайында екендігі айтылады..
Тәрбиеші: «Отбасы – барлығының басы, жан - жақты негізі болатын тәрбие институты. Ата - анамен баланың қарым - қатынасы нәтижесінде адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгісі қалыптасады. Ал әке мен шеше, ата мен әже, апа мен ағалар баланың алғашқы тәрбиешілері»- деп В. А. Сухомлинский айтқандай, алғашқы тәрбиешілердің алғашқы тәрбиесі ерте бастан яғни бесіктен басталуы тиіс. Яғни, екінші сурет бала тәрбиесінің о бастан дұрыс басталмағанын көрсетіп тұр.
Мақалдар оқып, талдау

1. «Куәсіз істі күмән табар, куәлі істі куә табар».
2. «Ар алтынмен өлшенбейді. Жігіттің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы».
3. «Заңның құрығы бәрінен ұзын».
4. «Ұрының арты қуыс. Ұрлық түбі – қорлық».
5. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсін, ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің».
6. «Би екеу болса, дау-төртеу. Дау мұраты-біту».
7. «Әділ істің – арты игі».
8. «Тақыр жерге су төксең, тайғақ болар, жаманға сырыңды айтсаң, айғақ болар».

Қорытынды
Тәртіпті бала-сүйініш, төбең бір көкке жетеді.
Тәртіпсіз бала- күйініш, төмендеп басың кетеді.
Ұрыншақ бала жанында: ұрыс пен керіс, айқай-шу,
Ұстамды бала маңынан ұнамды қылық байқайсың.
- Сонымен,қорытындылай келе,біз бүгін өз құқығымыз жайлы ой түйдік. Бауыржан Момышұлы атамыз «Азамат жолы-ар жолы» деп айтқандай,ешкімнің ала жібін аттамай, өз құқығымызды да,өзгені ңқұқығын да бұзбай,тәуелсіз еліміздің арқа сүйер айбынды,ақылды ұлы болып өсейік!

Scanner App Lite

**Тақырыбы:**

# «Қылмыс жасау білместікпе»

5-6 сынып

2023-2024 оқу жылы

Scanner App Lite

Сабақтың тақырыбы: Қылмыс жасауға ұмтылыс білместік пе?

Сабақтың мақсаты: оқушыларды адамгершілік игі қасиеттерімен ар – ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру.Өз іс әрекетіне жауап беретіндей ой - өрісін кеңейту.

Сабақ түрі: дөңгелек стол

Қолданылатын әдіс: сұрак – жауап

Көрнекіліктер: компьютер, нақыл сөздер

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Оқушылармен амандасып түгендеп, оқу құралдарын тексеріп,сынып тазалығын ретке келтіру. Оқушы назарын сабаққа аудару.

II. Н.Назарбаев:

Бұл өзекті заң актілерінің қабылдануы қылмыстық сот ісін жүргізуді және ең қылмысқа қарсы мемлекеттің күрес саясатын тұжырымды тұрғыдан, құқықтарымыздың әзірге сын – қатерлерге өз дәрежесінде әрекет жасайтындай деңгейге көтереді.

(Қазақстан халқына Жолдауынан)

Құқықтын тәрбиені көздейтін мақсаты: Өз құқығын білетін, Конститциядағы міндеттерін орындайтын азаматты қалыптастыру. өз ісіне жауапты, азаматтық борышын білетін, әлеуметтік ортада өзін жақсы ұстайтын азамат.

Азамат болу үшін өз мемлекеттілігіне ие болу әлде бір елде туу деп жеткілікті ойлау жақсы болмас еді. Азамат болу - өз құқықтарыңды және сонымен қатар өз міндеттеріңді саналы да сындарлы түрде ұғыну. Сондықтан құқықтық тәрбие жалпы тәрбиенің маңызды құрамдас бөлігі.

Ал азаматтық қоғам мен құқықтық сана ажырағысыз ұғымдар.

Міне, бүгін барлығымыз «Қылмыс жасау білместік пе?» жүйесіндегі тәрбие мәселелер мәні, мазмұнын шешу жолдары деп аталатын дөңгелек үстел басында құқықтық тәрбиеде кездесетін көкей тесті мәселелерді талқылап, пікір алмасып, оларды ұжымдық түрде шешудің жолдарын белгілеу үшін жиналып отырмыз.

А) дөңгелек үстелге қатысып отрғандар мен таныс болайық.

Б) құқықтық тәрбиесіз – құқықтық сана жоқ. Құқықтық санасыз әділетті, демократиялық мемлекет құру мүмкін емес. Ал мұндай мемлекет орнату құқықтық тәрбиенің жүргізілуіне тәуелді.

Scanner App Lite

Бала өмір сүретін ортаның үш құрамдас бөлікке бөлігі болады:




Сұрақ – жауап

1. барлық қателік білместіктен шығады, жастар тәрбиелеу көкейтесті мәселелер шешуде құқықтық тәрбиенің рөлі қандай?
2. құқықтық тәрбие мектептен басталады.
3. қылмыстың алдын алу деген не?
4. заң бұзу деген не?

Осы сұрақтар төңірегінде оқушылар өз ойларын айтып өтсе

«Жер бетіндегі адамдар арасындағы тәртіп орнату үшін заңды қолдану – шөлге жауған жаңбырдай қайырымды».

385 – хадис Мұхамет Пайғамбар.

Мамандығым – мақтанышым

Полицей болғың келе ме?

Қоғам тұрақтылығын, заңдылықпен азаматтар құқығын қорғалуында ішкі істер органдары қызметінің орны бөлек. Қылмысқа қарысы жан аямай күрескен аға ұрпақ өкілдері алып кеткен Қазақстан полициясыеың ерлік салт – дәстүрі бар.

Елбасы ұстанған саясат елімізде жалпы ұлттық бірлестік, қоғамдық келесімді сақтауды, құқық бұзушылықпен күресті күшейтудің талап етеді. Полицейлер - бұл адамдардың құқығы мен бостандығын қорғай отырып, қылмысқа қарсы күресте алдыңғы қатарда тұрған адамдар.

Болашақта Полиция қызметкері болғысы келетін жастардың «дүние жүзі тарихы» пәнін ертерек таңдап, басқа ғылым салаларында терең меңгерген жөн. Тағы бір ескеретін мәселе, осы мамандықтарды таңдағандардың бойы 170 см (қыз баланың бойы 160 см.) кем болмауы талап етіледі.

Scanner App Lite

Қорытынды:

Қылмыс неден туындайды?

1. жұмыссыздықтан
2. ішкілікке салынғандықтан
3. төбелске жақын адамдардан
4. анаша шеккен адамдар қылмыс жасауға бейім болады.
5. тәртіпсіздіктен
6. жетіспеушіліктен
7. біреудің мүлкін пайда көріп алудан.

1. балалар құқығын қорғау туралы халықаралық конвекция
2. бала құқықтарымен бостандықтарын корғау жөніндегі халықаралық ұйым.

Scanner App Lite

**Тақырыбы:**

# «Құқықтық сауаттылық заман талабы»

7-8 сынып

2023-2024 оқу жылы

Scanner App Lite

**Тақырыбы:** Құқықтық сауаттылық – заман талабы
**Мақсаты:** 1. Оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып, жауапкершілікті арттыру, алдына мақсат қоя білуге баулу.
2. Оқушылардың ойлау, тыңдау, сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорларын молайту.
3. Конституцияны, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.
Барысы: Ұйымдастыру
а) Оқушыларды екі топқа бөлу
1-топ «Әділет», 2-топ «Ақиқат»
ә) Әділқазылар алқасын сайлау
б) Сайыстың мақсаты мен мазмұнын таныстыру
Кіріспе.
Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев 1995 жылы маусым айында елімізде жаппай құқықтық білім беруді жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы каулы кабылданған болатын. Құқықтық білімге терең назар аударудың бірқатар себептері бар.
Қазақстан дербес тәуелсіз мемлекет болды. Жаңа қоғамды ұйымдастыруға бағытталған қызметтер атқарушы – Президент Әкімшілігі. Парламент, Үкімет, Конституция Кеңес т.б. құрылды. 1995 жылы тамыз айында бүкілхалықтық дауыс беру нәтижесінде қабылданған жаңа конституция жаңа мемлекеттік органдары заңдастырып қана қоймай, сонымен бірге әрбір жеке адам мен азаматтық кең көлемде демократиялық құқықтары мен бостандықтарын баянды етті. Сонымен қатар азаматтың міндеттері де айтылды.
Біздің өз мемлекетімізді, оның құрылымын білу өзіміздің қандай мемлекетте тұратынымызды, ол мемлекет алдында қандай мақсаттар мен міндеттер қоятынын, кімге қалай қызмет ететінін айқын түсінуіміз үшін қажет.
Біздің бүгінгі сайысымыздың тақырыбы: «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» деп аталуының себебі, өйткені біз демократиялық жолда дамып келе жатқан ҚР азаматтарымыз. Біздің Конституцияның І бабында ҚР өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды, оның ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқығы мен  Ал Конституциямыздың 12 бабында «Адам құқығы мен бостандықтар әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған орай анықталады. Республикамызда азамат өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.
Заңды аттамай тура жолмен жүріп еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу заман талабы. «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» айдарымен ұйымдастырылып отырған ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!
Сайыстың жоспары:
1. Таныстыру (топ аты, өмірлік ұстанымы, топ төс белгісімен таныстыру)
2. Тікелей сұрақ (әр топқа заң, құқық тақырыптарына қатысты 10 сұрақ қойылады. Әрбір дұрыс жауап бір ұпаймен есептеледі)

Scanner App Lite

3. «Ой жалғау» (мақалдың жалғасын табу)
4. «Адасқан әріптерді орналастыр» (термин сөздер)
5. Суретті баптар (әр топқа мақалдар беріледі, мағынасын қарап, Конституция бойынша баптарға келтіріп, оқушылар соны суреттеп көрсету)
6. «Ой талқы» Берілген сұраққа әр топ ой-тұжырымдарын білдіреді (уақыт 3 минут)
7. Қорытынды (әділқазы алқасының қорытындысы)

I. бөлім «Таныстыру»

(Әр топ атын, топ ұстанымы, топ төс белгісімен таныстырып өтеді. Жоғарғы ұпай 10 ұпай)

II. бөлім «Тікелей сұрақ»

(әр топқа заң, құқық тақырыптарына қатысты 10 сұрақ қойылады. Әрбір дұрыс жауап бір ұпаймен есептеледі)

«Әділет» тобының сұрақтары:

1. Конституция сөзінің аудармасы қандай? (Құрылым, өкілім)
2. ҚР-ның биліктің бірден бір бастауы (халық)
3. Республика заңдары қай кезде күшіне енеді? (Президент қол қойғаннан кейін)
4. Егемендік алғаннан кейін ҚР-да Конституция қанша рет қабылданды? (2-рет 1993 жылы 28-қаңтар, 1995 жылы 30-тамыз)
5. Республикадағы жоғары заң шығарушы органды ата? (Парламент)
6. Қасым ханның қасқа жолы қанша тараудан тұрады? (5 тараудан)
7. ҚР өзін қандай мемлекет ретінде орнықтырды? (Демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік)
8. Құқық дегеніміз не? (Мемлекет тарапынан заңдастырылған және қорғалатын жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі)
9. ҚР Конституциясының 17-бабы не туралы? (Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды)
10. 17-желтоқсан қандай күн? (Демографиялық жаңару күні)

«Ақиқат» тобының сұрақтары:

1. ҚР тәуелсіздігін қашан қабылдады? (1991жылы 16-желтоқсан)
2. ҚР-ның төл теңгесі қашан қолданысқа енгізілді? (1993 жылы 15-қараша)
3. ҚР-ның «Мемлекеттік нышандары» туралы заң қай жылы қабылданды? (1992 жыл 4-маусым)
4. «Жеті жарғыны» қабылдаған қазақ ханы кім? (Тәуке хан)
5. Бала құқықтары туралы конвенция қашан қабылданды? (1989 жылы 20-қараша)
6. Конституцияның бөлімі ретінде Преамбула білдіреді? (Кіріспе бөлімді)
7. ҚР жаңа әнұраны қашан қабылданды? (2006 жылы 2-қаңтар)
8. Еліміздегі мемлекеттік тіл? (Қазақ тілі)
9. ҚР Конституциясының 15-бабында не туралы айтылған? (Әркімнің өмір сүруге құқығы бар)
10. Қос азаматтық қалай аталады? (Бипатрид)

III бөлім «Ой жалғау» (мақалдардың жалғасын табу)

«Әділет» тобына

1. Заңның құрығы ... (бәрінен ұзын)
2. Өш алғаннан гөрі ... (кешірген жөн)

Scanner App Lite

3. Ақырын жүріп... (анық бас)
4. Асыл тастан ... (өнер жастан)
5. Тура биде ... (туған жоқ)

«Ақиқат» тобына

1. Ұрлық түбі ... (қорлық)
2. Жазасын тартпайтын ... (жамандық жоқ)
3. Әдепті бала ... (арлы бала)
4. Тәрбие ... (отбасынан басталады)
5. Әділ істің ... (арты игі)

IY. бөлім «Адасқан әріптерді орналастыр» (термин сөздер)

«Әділет» тобына

1. ЕКОНЮС – БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы
2. АТКРДЕИЯМО – халық еркі немесе билігі
3. ЕНТЕЗПРИДЕ – мемлекет басшысы

«Ақиқат» тобына

1. УАТРА – айырбас үшін арнайы өндірілетін өнім
2. АТТӨЛЖҰҚ – азаматтықты куәландыратын құжат
3. РПАЕЛМАНТ – заң шығарушы орган

Y. Бөлім Суретті баптар

(әр топқа мақал беріледі, мағынасын қарап, Конституция бойынша баптарға келтіріп, оқушылар соны суреттеп көрсету керек)

«Әділет» тобына

1. «Еңбектің көзін тапқан,
Байлықтың көзін табады» Ы. Алтынсарин (26 бап, 4-тармағы)

«Ақиқат» тобына

1.«Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе - білім» М. Әуезов (30-бап)

YI. бөлім «Ой талқы»

(Берілген сұраққа әр топ ой-тұжырымдарын білдіреді, уақыт 3 минут)

«Әділет» тобына

Тақырыбы: Жастарды қылмысқа итермелейтін не?

«Ақиқат» тобына

Тақырыбы: Жастар арасындағы қылмысқа жол бермеу үшін не істеу керек?

YII. бөлім Қорытынды

(әділқазы алқасының қорытындысы, жеңімпаз топты марапаттау)

Құрметті ұстаздар мен оқушылар!

Біз бүгінгі «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» атты сайысымызды қорытындылай келе, сіздердің келешекте өз білімдеріңізді шыңдай, рухани жан дүниеңізді байыта отырып, өз құқықтарыңызды жете меңгеріп, еліміздің жақсы азаматы болуларыңызға сенім артамыз.

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» (Б. Момышұлы) дей келе қашанда Ата-заңымызды қорғауға, бекітілген тәртіпке бағынуға, өз құқықтарыңызды орынды пайдалана білуге шақыра отырып, бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз.

Scanner App Lite

**Тақырыбы:**

# «Құқық бұзушылықтың алдын алу »

9-11 сынып

2023-2024 оқу жылы

Scanner App Lite

*Құқық бұзушылыққа не жетелейді?*

*Мақсаты*: **:** Оқушылардың құқықтық білімін тексере отырып, өз мүдделерін қорғай алатын, өзіндік ұсыныс-пікірлері мен көзқарастарын, ойларын ашық айтатын, сөзге шешен, кемел ойлы , елжанды азамат ретінде қалыптастыру. Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру. Құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамдағы маңызы зор екендігін түсіндіріп, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу. Ұлттық болмысымызды бейнелеген заңдық қағидалар мен өркениеттік заңдық ережелерді бойына сіңіру. Ата Заңымыз халқымызға адал қызмет ететіндігін оқушыларға ұғындыру. Тарихи танымын кеңейту.

*Көрнекілігі:* Интербелсенді тақтаның көмегімен дайындалған слайдтар, қанатты сөздер, мақал- мәтелдер, тірек сызбалары.

Құрметті қонақтар, ұстаздар және оқушылар! Ата заңымыздың 1 бабында «Қ Р өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырылды. Оның басты қазынасы- адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген қастерлі сөзді кіргізген. Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң саласында мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан да заңды білу- заман талабы. « Құқық бұзушылыққа не жетелейді?» айдарымен ұйымдастырылып отырған дөңгелек үстелге қош келдіңіздер! Дөңгелек үстел 4 бөлімнен тұрады.

1. Ұйымдастыру
2. «Ой талқы» ой тұжырым жасалады.
3. «Ой жалғау » мақал- мәтелдердің мағынасын ашу.
4. «Ойлан тап» (интербелсенді тақтаның көмегімен дұрыс жауабын табу).
5. « Мен заңды қаншалықты білемін» (ой пікірлерініздi ортаға салу).
6. Қорытынды.

*Мұғалім сөзі*: 1. Қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Дегенмен де, керісінше қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да аз болмаған. Осыдан келіп құқық бұзушылық орын ала бастады.

Құқық бұзушылық- қоғам өміріне тән дерт. Құқық бұзушылық- заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салған әрекеттерді жасау. Ол адамдардың іс- әрекеті, қылығы, мінезі немесе әрекетсіздігімен сипатталады. Адам өзінің іс- әрекеті, қылығы арқылы басқа адамдармен, қоғаммен, мемлекетпен қарым- қатынасқа түседі. Заң бұзушылық

Scanner App Lite

1- Д, 2- А, 3- В, 4- З, 5- Ж, 6- Б, 7- Е, 8- Г

Мұғалім: Құқықтық тәрбие мен құқықтық жігерлі сана алдымен отбасынан басталады. Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жүгерді шындауымыз керектігін өмір көрсетіп отыр. Аталған қылмыс түрлерін болдырмау, оның алдын алу үшін құқықтық насихатты күшейтіп, құқықтық насихатты күшейтіп, құқықтық тәрбиені одан әрі жетілдіруіміз қажет.

4- бөлім « Мен заңды қаншалықты білемін» (ой пікірлерінізді ортаға салу).

1. Жастар арасындағы қылмысты азайту үшін не істеуге болады?
2. Қылмыс жасағаны үшін жасөспірімдерге қандай жазалар қолданылады?
3. Қазіргі уақытта жасөспірімдер түнде көшеге шығуы кездеседі. Осыған қандай шаралар қолдануға болады?
4. Мектеп ережесін сақтамайтын оқушыларға қандай тәртіп орнатуға болады?
5. Бір оқушы сыныптасына «ертең 100 теңге әкеліп бересің, әкелмесең басқаша сөйлесеміз» деп күш көрсетті. Бұл қылмыстың қандай түріне жатады?

Мұғалім: Мектеппен жанұяда жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылуымыз керек. Құқықтық сауатсыздық, яғни өз құқығы мен міндетін білмей, басқанын құқын сыйламаудың кесірінен көптеген келеңсіз жағдайларға кезігуіміз мүмкін. Осы орайда қылмыстың қоғамдағы зияны мен адам тағдырын адастыратын іс екенін әрқайсысымыз жете түсінуіміз керек. Олай болса құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті санаға сіңіріп, өзімізді және қасымыздағы адамдардың жеке басын қадірлеп, құрметтейік.

Өмірің болсын десең сенің сәнді,
Ойланып, айналаңа қара мәнді.
Адам бол! Білімі тасқан, өнері асқан,
Өзіңе сүйіндірер басқа жанды.
Салауатты мақсатың - өмір–сүру,
Өмірдің мағынасын керек білу.
Ішімдік, нашақорлық сенің жауың
Пайдасы сол – бұл жолдан аулақ жүру.

*Мен жігіт 15-30 арасында*
*Бұл шақта көп бересі, аласымда,*
*Жан жағым толған мақсат, толған таңдау,*
*Алайын анасын ба, мынасын ба?*

- деп арқалы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай болашақта шалыс қадам баспай, өз өмірлеріңе жауап беретін ата- анасының емес бүкіл алаштың

Scanner App Lite

азаматтары болады деген сеніммен бүгінгі дөңгелек үстелімізді аяқтаймыз. Зейін қойып тыңдағандарыңызға көп рақмет!

Scanner App Lite

**Тақырыбы:**

# «Сен және заң»

2023-2024 оқу жылы

Scanner App Lite

Мақсаты: білімділік – оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру,құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру.
дамытушылық - оқушылардың ой өрісін дамыту, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасауға үйрету, есте сақтау қабілетін жетілдіріп, сөздік қорын молайту.
тәрбиелік - оқушылардың бойына құқықтық, патриоттық,адамгершілік тәрбиені сіңіру.
Көрнекілігі: слайдтар,плакат,стикерлер
Сабақтың барысы: І.Ұйымдастыру
**Би**
Құқық деген:
Ұстам,
Құрмет,
Ырыс бұл.
Қоғамдық күш, жанға қуат
Тыныс бұл.
Ынтымақ пен бірліктің де кепілі,
Құқық сыйлап дұрыс жүріп,дұрыс тұр.
Кіріспе
- Әрбір адам өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын заңдарды білу керек. Сондай-ақ заң адамға міндеттер жүктейді. Адам басқалардың құқықтарын бұзбауы, олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысына қол сұқпауы керек.
- 18 жасқа толғанға дейінгі әрбір адам бала болып саналады.Бұл туралы бала құқығы туралы Конвенциясының бірінші бабында айтылған.
Бала құқығы туралы мына заңдарда кеңінен айтылады: «Бала құқығы туралы конвенция», «ҚР конституциясы», «Азаматтық кодекс», «Неке және отбасы туралы заң», «Бала құқығы туралы декларация»
«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды»
Б.Момышұлы.
«Балам бол, басқа бол-бәріңе заң біреу-ақ»,
«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»
Жүсіп .Баласағұн
**Заң сөздікшесі**
**Декларация-** тараптар мақұлдаған жалпы принцитер мен мақсаттарды қалыптастыратын салтанатты акт
**Конституция -** конституциялық құрылысты бекітетін, адам мен азаматтың құқығы мен еркіндігін бекітетін,мемлекеттік биліктің федеральдық органдарын тағайындайтын негізгі құрылтайшы саяси- құқықтық акт.
**Міндет –** адамдар бұлжытпай орындауға тиісті тәртіп пен қарым-қатынасқа қойылатын талап
**Мораль-** адамның іс-әрекетін қайырымдылық пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік және т.б. тұрғысынан реттеп отыратын нормалар мен принциптер жүйесі.
**Құқық-** қоғамдағы адамдардың өзара қарым- қатынасын реттеп отыратын мемлекет белгілеп, қорғайтын нормалар мен ережелер жиынтығы, осы нормаларды зерттейтін ғылым

- Әрбір адам өзінің құқықтарын білу үшін заң тұрғысынан сауаттылыққа үйренуіміз керек.
- Енді - балалар, сахналық **көріністі** тамашалап жіберейік.
**Автор:** оқу жылының 1-ші күні 2-ші класс оқушылары өздеріне бөлінген класс бөлмесіне кіріп, 1-ші класта отырған орындарына жайғасқан болатын.Бір уақытта ойына не түскені белгісіз Нұртілеу орнынан атып тұрып, артта отырған Аңсардың орнына таласты.
**Нұртілеу:** Ансар, сен бұл партадан тұр, бұл жерге мен отырамын.
**Аңсар:** Неге?
**Нұртілеу:** Сол, тұр дедім ғой, тұрсаңшы.
**Аңсар:** Жоқ тұрмаймын, бұл партаға мен бірінші отырдым.

Scanner App Lite

адамның мінез- құлқы арқылы байқалады. Демек, заң бұзушылық қоғам мен жеке тұлғаларға зиян келтіретін және құқықтық нормаларға қарсы әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады.

1- бөлім «Ой талқы» ой тұжырым жасалады. Әр сынып оқушылары көрініс көрсетіп, тақырып мәнін ашады.

9 а сынып - « Қылмыс неден туындайды?»
9б сынып – « Қылмыс жасау білместік пе?»
10- сынып – « Әлімжеттілік әрекет қылмысқа жата ма?»

2- бөлім « Ой жалғау ». Тақырыпқа байланысты мақал- мәтелдердің мағынасын ашу.

1. « Ісін өндіре алмаған қырсыз бала, қырсығын әкесінен іздейді.»
2. « Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің.»
3. «Жақсы бала сүйеніш, жаман бала күйініш».
4. «Атаңа не қылсаң алдыңа сол келер ».
5. « Біреуге ор қазба, өзің түсесің ».
6. « Заңның құрығы бәрінен ұзын ».
7. « Ұрлық түбі қорлық » .
8. « Заңды сыйлаған, еркін жүреді ».
9. « Тек жүрсең, тоқ жүресің ».
10. « Өтірікшінің құйрығы, бір- ақ тұтам».
11. « Ақырын жүріп , анық бас».
12. « Өш алғаннан гөрі, кешірген жөн ».

Мұғалім: « Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды» деген тамаша мақал бар. Ақылды болу айналандағы адамдарды сыйлау, қадірлей білу деген сөз. Құқықтық тілмен айтқанда бұл – заңды білу, яғни заңды білген адам өзгелерге құрметпен қарайды. Заңды білмегендіктен заңсыз істер істеп, зардап шегіп, өзін қорғай алмай жүргендерді көптеп кездестіреміз.

3- бөлім «Ойлан тап» (интербелсенді тақтаның көмегімен дұрыс жауабын табу).

1. Құқық ---------------------------------------- А. Еліміздің негізгі заңы
2. Конституция -------------------------------- Б . Мемлекет басшысы
3. Мемлекет ----------------------------------- В . Негізгі саяси қоғамдық ұйым
4. Азамат ----------------------------------------Г. Тәуелсіздік
5. Құқық бұзушылық -----------------------Д. Заң жүйесі
6. Президент ---------------------------------- Е. Заң шығару органы
7. Парламент ---------------------------------- Ж. Заң жүйесін бұзу
8. Егемендік ----------------------------------- З. Құқығы бар ел тұрғыны

Дұрыс жауабы:

Scanner App Lite

**Нұртілеу:** Отырсаң қайтемін, сенің атың жазылып қойған жоқ қой бұл партаға?!
**Аңсар:** Сенің де атың жазылып қойған жоқ.Бұл менің орным, саған бермеймін.
**Автор:** Партаға таласқан Нұртілеу айғай салды.
**Нұртілеу:** Тұр дедім ғой, бұл партаға менің құқығым бар.
**Аңсар:** Менің де құқығым бар, саған ғана беріліп қойды дейсің бе?
**Автор:** Партаға таласқан Нұртілеу мен Аңсар төбелесе кетеді. Класс оқушылары аң-таң. Төбелесті тоқтату үшін класс белсендісі Жанерке араласты.
**Жанерке:** Аңсар, Нұртілеу, төбелесті доғарыңдар, қазір класс жетекшіміз келгеннен кейін екеуіңнің дауларыңды шешіп береді.
**Автор:** Осы мезетте класс бөлмесіне класс жетекші келеді.
**Мұғалім:** Бұл не шу?
**Жанерке:** Апай, Нұртілеу мен Аңсар соңғы партаға таласып, «Менің құқығым бар отыруға» деп дауласып жатыр, қойыңдар десек те қоймайды.
**Мұғалім:** Нұртілеу, Аңсар сендердің бұл құқықтарың дұрыс емес.Өздеріңнің жеке бастарыңның қажетін ойлап, бір-бірлеріңе тіл тигізу адамгершілікке жатпайды.Әркім өз құқығын дұрыс түсіну қажет.Әрине сендердің әрқайсың оқуға,білім алуға,ойнауға, демалуға құқықтарың бар,бірақ барлық мәселені ақылмен шешу керек.
**Автор:** Класс жетекшіміз дауды шешіп, Нұртілеу мен Аңсарға бірінші қатардағы мұғалім үстеліне жақын бір партадан орын иеленуді ұсынды, ал таласқан орын бос қалды.
Осы көрністен кейін балалардың пікірін тыңдау.

Тәуелсіз еркін ел бүгін,
Талай жыл күткен теңдігім –
Ата заңым менің.
Санама құйған таң нұрын,
Бақытым, бағым, тағдырым –
Ата заңым менің!

**Тақпақтар:** АЗАТ ЕЛДІҢ АР-НАМЫСЫ - АТА ЗАҢ!(АЙБАТЫР СЕЙТАҚ)

Еліне арналатын тілегі шын,
Ей, ұлым – Отанымның түлегісің!
Іргесін туған елдің тіреп тұрған
Қадірін Ата Заңның білемісің?!

Ешкім де мін таға алмас елдігіме!
Дауласып жармаспайды белдігіме.
Бойында Ата Заңның өріліп тұр
Даламның кеңдігі де, теңдігі де!

Бағынған өз заңына жұмыр ғалам,
Сондықтан Күннен Жерім суынбаған.
Қоғамның сан саласын реттейтін
Әрбір заң Ата Заңнан туындаған.

Бастайтын болашаққа бақ кемені,
Осы жол халықтың да нақ сенері!
«Халқыма адалмын!» деп Ата Заңға
Елбасы қолын қойып Ант береді.

Болғанмен бұл Өмірде айлаң күшті,
Ел үшін кім тындырар қайран істі?!
Еліңнің дамуы мен дағдарысы
Ол-дағы Ата Заңға байланысты!

Scanner App Lite

Нұр шашқан жас ұрпақтың ұғымына,
Тікелей өсер еткен ғұмырына
Айналды Ата Заңым мызғымайтын
Тәуелсіз мемлекеттің тұғырына!

Әр бабы, әр тармағы жойылмайды,
Шектеу де және тегін қойылмайды!
Келісім-шарт жасасқан барлық шет ел
Қазақтың Ата Заңын мойындайды!

Өмірден әділдік пен бақ табатын,
Құқығым қорғалды деп шаттанатын,
Өзіндей жас өркендер келеді өсіп
«Бұл біздің – Ата Заң» деп мақтанатын!

Өркендеп өз қолына алған ісі,
Биікке қазағымның самға, құсы!
Халық боп қадір тұтып, қастерлеген
Ата Заң – Азат елдің Ар-намысы!

Сіздің құқықтарыңызды кімдер шектей алады?
Сенің ар-ұятың.
Жалпыға ортақ нормалар мен әдеп ережеелері.
Заңдар.
Осы құқық бұзушылық түрлеріне байланысты **бейнежазбаға** назар аударамыз.
-Сонымен қатар, балалар, әрбір адамның міндеттері де болады.
Оқушылардың пікірін тыңдау.
1-оқушы: Өз ойымды айтуға, қалаған тілімде жазуға, сөйлеуге,оқуға құқығым бар.
2-оқушы:Мен өз туып өскен жерімде тұруға,оны қорғауға, тұратын мекенімді таңдауға құқығым бар.
3-оқушы:Мен өзіме рұқсат етілген істердің бәрін орындауға құқылы мын және өзіме тиесілі заттарды иемденуге құқығым бар.
4-оқушы:Тек жақсы істерді істеуге құқылымын, жаман істерді істеуге құқығым жоқ деп түсінемін.
Мен міндеттімін:**Бейнежазба**
білІм алуға.
өмір сүруге
Еңбек етуге
Денсаулық сақтауға
Өз пікірін еркін жеткізуге.
-Балалар, мысалы біз көп баратын жеріміз- кітапхана. Кітапханаға байланысты біздің құқығымыз бен міндеттеріміз қандай деп ойлайсыңдар? Соны ашып алайық.
1.Кітапхананың оқу залында әрі-бері жүріп жүрсің, өйткені сен еркіндік құқығым бар деп есептейсің.
Жауабы:Еркін тұрып жүру құқығымыз бар, кітапханадағы тәртіпті бұзбау міндетіміз де бар. Құқық кітапхана ережесімен шектелген.
2.Оқырман залында досыңмен әңгімелесіп отырсың, өйткені сен өз бостандығына құқығым бар деп есептейсің.Құқығым бар ма, әлде жоқ па?
Жауабы:Сенің сөз бостандығыңа құқығың бар.Бірақ кітапхана қызметкерлерін сыйлау, оқырмандарға кедергің келтірмеу міндетін ұмытпауымыз керек.
3.Кітапханада ұялы телефон арқылы музыка тыңдап отырдың, өйткені мәдениет жетістіктерін пайдалану құқықтары бар деп есептейсің.

Scanner App Lite

Балалар манадан бері біраз мәлімет алдық. Мынадай ойын ұсынғым келіп тұр «Сөздер банкісі»
«Менің құқығым бар деп ойлайтын сөйлемдерді мына тақтаға келіп ілеміз
Қорытынды: -Сонымен,қорытындылай келе,біз бүгін өз құқығымыз жайлы ой түйдік.
Б.Момышұлы атамыз «Азамат жолы-ар жолы» деп айтқандай тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.
**ӘН**

Scanner App Lite

**Тақырыбы:**

# «Жасөспірімдердің жауапкершілігі»

2023-2024 оқу жылы

Scanner App Lite

Тақырыбы: Жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі.

Мақсаты: оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, жасөспірімдердің қылмыстылығының қылмыстық сипаттамасын беру, қылмыстық жауапкершіліктің түрлерімен таныстыру. Конституцияны т. б. құқықтық нормативтік актілерді орындап, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, ұлтжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу; ойлау, тыңдау, сөйлеу мәдениетін дамыту, қабілеттерін шыңдау.

Сабақтың түрі: дөңгелек үстел
Әдісі: пікір алмасу, сұрақ-жауап
Барысы:
Сынып жетекшісінің кіріспе сөзі
**1. Бірінші бөлім:**
а/ «Адам құқығы» дегеніміз не?;
б/ «Сенің құқығың» - баптарды еске түсіру.

**2. Екінші бөлім:**
а/ «Жастар арасындағы қылмыстар»;
б/Ситуациялық жағдайларды шешу.

**3. Үшінші бөлім:**
а/«Заңды консультация» - сұрақ – жауаптар;
б/ Кәмелетке толмағандарға қолданылатын жаза түрлері.
**4.Қорытынды.**

1. Сынып жетекшісінің кіріспе сөзі.

Құрметті қонақтар, ата-аналар және оқушылар! Мемлекетіміздің Ата Заңының 1 – бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырылды. «Оның басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген қастерлі сөзді кіргізген. Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан заңды білу – заман талабы.

Бүгін бізде қонақта ___________________________________________
___________________________________________
___________________________________________
___________________________________________

Scanner App Lite

Бүгінгі іс-шарамызда біз жасы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында жиі кездесетін қылмыс түрлері мен жазалар туралы сөз қозғаймыз.

**І. Сабағымыздың бірінші бөлімінде құқық туралы жалпы түсінік беріледі.**

1.1. Бибіханым: Қоғамда өмір сүретін адамдардың өздерін ұстау ережелерінің жиынтығын әлеуметтік нормалар дейміз. Әлеуметтік норма құқық пен мораль деген ұғымдар кіреді.

Әлеуметтік нормалардың мемлекеттің пәрменімен заңдастырылған бөлігі құқықты, ал мемлекеттің пәрменімен заңдастырылмаған бөлігі моральды құрайды.

Құқық дегеніміз – мемлекет тарапынан заңдастырылған және қорғалатын, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі.

Құқықтың ерекшелігі – оның нормалары бұзылған жағдайда кінәлінің заңды жауапқа тартылатындығын да. Моральдық тәртіпті бұзғаны үшін адам заңды жауапкершілікке тартылмайды, бірақ көпшіліктің назарына ілігеді, айналасына жағымсыз пікір туғызады.

Құқықтық нормалар тек қана заңдардан тұрмайды, басқа да нормативтік құқықтық актілерде де көрсетілген. Президент - нормативтік жарлықтар, Үкімет – нормативтік қаулылар, министрліктер – нормативтік бұйрықтар, жергілікті мемлекеттік органдар - нормативтік шешімдер қабылдайды.

Біздің елімізде адам құқықтары Ата Заңымыз – Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқан. Ол 9 бөлім, 98 баптан тұрады. Оның екінші бөлімінің 30 бабы құқыққа арналған.

**1.2. «Сенің құқығың!»**

**Қуаныш:** 14-бап

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.
2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

**Қуантай:** 15-бап

1. Әркімнің өмір сүруге құқығы бар.
2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар.

**Бибіханым:** 16-бап

1. Әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар.
2. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға

Scanner App Lite

болады.
3. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

**Арман:** 17-бап
1. Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды.
2. Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды.

**Әлібек:** 19-бап
1. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету - көрсетпеуге хақылы.
2. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым - қатынас, тәрбие, оку және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

**Жазира**: 22-бап
1. Әркімнің ар - ождан бостандығына құқығы бар.
2. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.

**Бекзат Қ:** 25-бап
1. Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі.
2. Қазақстан Республикасында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Заңда көрсетілген санаттағы мұқтаж азаматтарға тұрғын үй заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан олардың шама-шарқы көтеретін ақыға беріледі.

1.3. **Бекзат Т:** Жастар арасындағы қылмыстың алдын алу мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жасөспірімдердің және жастардың қылмысы туралы мәселе құқық қорғау жүйесінің ғана емес, сонымен қатар басқа да мемлекеттік ұйымдардың және азаматтық қоғам институттарының үнемі қадағалауын талап ететін басты мәселенің бірі.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс қашанда ұлттық тұтастығымызға, ел болашағына қауіп төндірері сөзсіз. Жаңадан өркендеп келе жатқан ұрпақтың қылмыстың бұралаң жолдарын таңдауы - дәуір қасіреті. Сотталған жас өспірімдердің көбеюі – қоғам өмірінің келеңсіз жақтарын, халықтың әлеуметтік ахуалының төмен екенін байқатады. Қоғамда не құрылым дені сау, еңбекке жарамды азаматтар көбейген сайын, мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы да жедел дами бастайды. Бүгінде түрмеде отырған азаматтардың 70 пайызы жас адамдар.

2.1. **Сымбат:** Сотталушылар қатарында кәмелеттік жасқа толмағандардың

Scanner App Lite

көбеюі біздің қоғамды алаңдатпауы мүмкін емес. Қылмыстық жауапкершілікке қылмысты жасау кезінде жасы 16-ға толған азаматтар тартылатындығы белгілі.

Алайда, адам өлтіргені, қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру, ауырлататын мән-жайларда денсаулыққа қасақана орташа ауырлықта зиян келтіру, зорлау, жыныстық сипаттағы зорлық әрекеттері, адамды ұрлау, ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алу, ауырлататын мән-жайларда көлікті айдап кету, терроризм, адамды кепілге алу, қаруды ұрлау немесе қорқытып алу, оқ-дәрі, жарылғыш заттар мен басқа да құрылғылар, ауырлатылған мән-жайларда бұзақылық, тағылық, есірткі заттары мен психотроптық заттарды ұрлау немесе қорқытып алу, ауырлатылған мән-жайларда мәйітті немесе олардың көмілген жерлерін қорлау, көлік құралын немесе теміржолдарын қасақана жарамсыздық жағдайға келтіргені үшін тұлғалар 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

